

5. Бартольд В.В. Сочинения. В 9-ти томах. Т. II. Березин, как историк. Записки коллегии востоковедов. – Москва: Издательство Наука, 1977. – 966 с.

6. Березин И.Н. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева //Труды восточного отделения русск. арх. общества. Т. VIII. СПб., 1863. – С. 96.

7. Сафарғалиев М.Г. Алтын Орданың ыдырауы. Алматы, 2014. – 326 б.

**Кусайнова И.А.** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Ю-18-1к тобының студенті

*(Ғылыми жетекші - магистр, аға оқытушы Бажикеев Қ.)*

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТЕ «САРЫАРҚА» ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЖЫРҒА ҚОСЫЛУЫ**

Қазақ хандығы кезеңіндегі әдебиетте Сарыарқа тақырыбы кең байтақ жерімізге көзін тіккен жауларынан ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қасиетті құт мекен ретінде жырланса, зар заман поэзиясындағы «Сарыарқа» ұғымы - өкініш пен күйзеліс, ұлт тағдырын ойлап, дабыл қағып, ыңғайында көрініс береді. Кеңес дәуіріндегі әдебиетте астықты, ырысты өлке ретінде заман тынысына сай жырға қосылса, қазақ елі азат ел атанып, тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінде Сарыарқа тақырыбының жырлануы жаңаша сипат алды. Ендігі жерде қазақ ақындары ешкімнен, ештеңеден қымсынбастан, зор мақтанышпен, шалқар шабытпен, терең тебіреніспен Сарыарқа даласын өлеңмен өрнектеді. Сарыарқа жерінің сұлу, көркем табиғаты, оның әрбір мезгілі, түрлі аймақ-мекендері сондай-ақ басынан өткерген ауыр тағдыры Ғ.Жайлыбай, Ж.Ерман, К.Салықов, Д.Стамбеков, А.Бөкен, Т.Медетбек, Ж.Қашқынов, Ж.Сомжүрек, Ш.Сариев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, С.Тұрғынбекұлы, М.Райымбекұлы, Н.Айтұлы т.б. қазақ ақындарының өлең-жырларында Сарыарқа түрліше жыр арқауына негіз болды.

Ақын Дәуітәлі Стамбеков өзінің «Қазақстан картасы» өлеңінде:

Бір қызарып, сарғайып жон арқасы,

Абайымның ай жүзді қаламқасы,

Ғашық етіп талайды ғұмыр кешкен,

Сағыныштан сарғайған Сарыарқасы, - деп ән-жырымен жанданған жанат даласының жап-жасыл бояулармен еліміздің картасына қонақтаған кең жазирасын, қасқабас адамның шашындай селдіреген ормандарын, толқындары жартасты ұрған теңіздерін жырға қосады [1, 106]. Өзінің «Отты жер» атты өлеңінде ақын « Сарыарқаның төсінде, отты белде Әлихан мен Әлімхан, Жақып туған» қасиетті мекенді шабыттана жырлайды.

Өтіріктен өтірік мақтамаймын,

Көрген бұл жер ғажайып бақ-талайдың,

Қарқаралы жалғасқан Қызыларай

Сыр бар және жерінде Ақтоғайдың.

Армандары ойланған орман ба едің?

Ақырындап ішіне алған демін,

Ұлдарының бойына от беріпті

Алау болып, нұр болып жанған жерім,- дейді ақын [1, 133]. Ары қарай елі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қазағы үшін қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдаған ел серкелерін жырына арқау етеді:

Сарыарқаның жонында

Отты дала,

Алаулары тау-тасқа соқтыға ма?

Қазағым деп өртеніп,

Жалындаған

Көзіндегі солардың шоқты, қара! [1, 133].

Қазақтың қайсар рухы мен жанылмаған жігері бар осы өлеңде. Ақын туған жерден нәр алады, туған жерінің топырағына табынады.

Өзінің «Ақтоғай жайлы аңыз», «Тораңғы тоғайы», «Қызыларай тауы», «Тоқырауын» т.б. жырларында Дәуітәлі Стамбеков өзі туып-өскен өңірдің табиғаты мен тылсым аңызын, Балқаш жағалауында сыңсып ән салатын тораңғы тоғайын да ақын сиқырлы сезіммен мөлдірете жырлайды. Бұл өлеңдерінен байқағанымыздай, Дәуітәлі Стамбеков өз елін, жерін жанындай

сүйе отырып, қазақ даласының әрбір тауы мен тасын, өзені мен көлін, сайын, даласын жүрегі елжірей жырға қосады.

Қазақтың ақын қызы Күләш Ахметова «Сарыарқа» өлеңінде:

Батады, мұның болса, ботаңа тым,  
Ботаңмын ардақтаған Отан атын.  
Бабамның жаны болған, әні болған,  
Сарыарқа, мақтанышым, махаббатым!  
Сарыарқам, жазық арқам, жарқын арқам,  
Әлемде бөлек сенің даңқың, арқам.  
Байтағым, байғазым деп көргеніме,

Өлеңім – тағып кеткен алтын алқам! – деп осынау киелі мекенге деген өз махаббатын өлеңмен жеткізеді [2, 95].

Жақсынды іздестіріп, сұрастырғам,  
Талантқа біздің дәуір гүл аштырған,  
Замандар заңғарынан ән дарыған

Өлке бұл Әсет туған, Күләш туған – деп, байтақ Сарыарқа жерінің өнер мен тектілік дарыған ерекше жер екендігін айшықты өлең жолдарымен жеткізеді.

Бүгінгі қазақ поэзиясында көне түркілік сарынды жаңғыртып, өзгеше жыр өрнегімен белгілі Темірхан Медетбек:

Үстіне күркіреген бұлттардан  
Береке құйылып жататын  
Жазығына дүркіреген  
Той мен салтанат  
Мереке жиылып жататын -  
Аспанның астына жайылған  
Жомарттың дастарқанындай

Дарқансың! – деп елге құтты қоныс, мәуелі жер болған Сарыарқаға ақындық бағасын береді [3, 226]. Одан әрі:

Сен не көрмедің Сарыарқа  
Сарыала қазы біткен  
Қабырғалар секілді  
Өзендерінді -  
Әлдекімдер келіп -  
Күтірлетіп  
Сындырып кетті ғой.  
Түгін тартса май шығатын  
жасыл жайлауынды  
Жындай түтіп  
Жүн қылып кетті ғой...

...Сенің алып арқанды  
Тұздай сұп-сұр  
Теміреткі мен

Қан мен ірің сорғалаған

Жара басып жатты – деп атомдық сынақ пен ғарыш айлағы, протондор мекеніне айналған Сарыарқаның аянышты тағдырына налиды [3, 226].

Енді, міне,-

Тәуелсіз теңдігің,  
Бостан күнің туды.  
Абырой мен даңқың  
Асқан күнің туды.  
Бойыңа - қайтадан! -  
Қайрат құйылып жатыр  
жаныңа - қайтадан! -  
Айбат жиылып жатыр.

Ұлы Сарыарқам менің! – деп, сан нәубет пен зардапты өткерген бақ мекеннің бүгінгіне қуанып, жыр соңында осынау бақ мекенге өзінің ақжарма тілегін арнайды [3, 227].

Ғ.Жайлыбай, Ж.Ерман, Ж.Қашқынов, С.Тұрғынбекұлы, Ж.Сомжүрек, К.Салықов, Ғ.Ештанаев т.б. өз өлеңдерінде Сарыарқаның кермиық даласын, тау-тасын, тылсым табиғатын, тарихи тұлғаларын сағынышпен, сүйіспеншілікпен, асқан суреткерлікпен жырлайды. Бұл ақындардың барлығы дерлік Сарыарқа жерінің әр аймағында дүние есігін ашқан. Сондықтан Сарыарқаны ерекше жырға қосу заңдылық болып саналады.

Белгісі жоқ картада, глобуста,  
Біздің ауыл Арқада, тым алыста...

«Түгіскеннің түгі май...»-деп сөйлейтін,

Арымасын ағайын Арқадағы - деп ақын Ғ.Жайлыбай «Ауылым», «Жеңіске барып қайтқанда», «Жылқышының баласы», «Ұлытауға бардың ба?», «Даланың өзендері» т.б. жырларында Арқада қалған қастерлі елі мен жерін ыстық сезіммен өлеңге қосады [4, 87].

Ал «Сарыарқа. Протон құлаған жыл» өлеңі мен «Қара орамал» дастанында ақын Сарыарқа даласының ғана емес бүкіл қазақ елінің қасірет-қайғысына айналған ауыртпалықтарды зор күйінішпен жырына арқау етеді.

Еспейді самал таңменен  
Шалдыққан шартарабымда.  
...Жазира Жаңаарқам менен  
Қара орман Қарқаралымда.  
Мұң емес –

мұқалмас қайғы,  
Ғасырдың қауіпті өткелі.  
Жусаны жұпар шашпайды,  
Ақбөкен ауып кеткелі.  
Келгендей Арқаға құрдым,  
Тажалға лағынет, мейлі –  
Жаңаарқа, Қарқаралының

Базарда малы да өтпейді – деп Сарыарқаның сайын даласын улаған протон жайын өзегі өртеніп жырласа, «Қара орамал» дастанында еліміздің тарихында қара таңбамен қалған ҚАРЛАГ лагері туралы айтылады [4, 183].

«Атамекен», «Ғашықпын туған жеріме», «Ақтоғай алтын аймағым», «Жусанды дала», Қарқаралы, Шайтанкөл», «Қызылсеңгір», «Киелі көл» т.б. өлең-жырларын ақын Ж.Қашқынов Сарыарқа жерінің әр алуан аймақтарына, өзінің кіндік қаны тамған туған жеріне арнайды. Осы өңірден шыққан тек Сарыарқа даласына ғана емес, күллі қазақ еліне белгілі тұлғаларды да мақтанышпен жырға қосады.

Алатын Сарыарқадан басын ұдай,  
Елімнің Тоқырауын асылындай.  
Балқашқа сағынышпен талып жетіп,  
Ежелгі табысатын ғашығындай – деп Сарыарқадағы Тоқырауын өзенін;  
Мен туған жер Сарыарқа төсінде екен,  
Көрмей өстім шұбырған көшін бөтен.  
Сағым қуған кең дала, жасыл белді,

Сағынышпен көргенде есім кетер – деп Сарыарқа беліндегі туған мекенін өлеңмен өрнектейді [5, 90].

Ал Торғай даласында дүниеге келген ақын Жұманазар Сомжүрек

Ғажайып қай жерде бар дала мұндай?!

Жайнаған жазғы дала жамалын-ай!

Ауа қайда тап-таза исі аңқыған,  
Сағымды Сарыарқаның самалындай?!  
Арқаның сүйем қалай сал самалын!  
Саумалдай қанбай жұтып тамсанамын.

Сапардан жұпар шашып қарсы алады,

Шыққандай болып алдан аңсағаның, – атты «Сарыарқа самалы» өлеңінен «дертке дауа», «шат сезімге бөлейтін», «жалбыз исі аңқыған» сағымды сар даланың самал желіне деген ақынның сүйіспеншілігі байқалады [6, 105]. Бұдан бөлек ақынның «Сарыарқа сайын далам», «Күз», «Торғайым, өлкем менін», «Ауылым» өлеңдерінде де Сарыарқа төсіндегі туған жеріне деген махаббаты көрініс тапқан.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Солдатхан Орайханұлы:

Алдымнан боз іңгендей аңырадың,  
Салғандай күңіренгіп Әнұранын.  
Ботадай боздап өрген желісінен,  
Алыстан аңсап келіп жамырадым.  
Жеткендей болды аспанға тиіп төбем,  
Мен тұрмын алтын басты иіп төмен.  
Барында Сарыарқадай жер жаннаты,  
Басқаға қалай жүрек қиып берем!  
Өзіндей Отан қайда салар сарай,  
Қонатын бақыт болып арай тарай.  
Топырағың бұйырсын енді маған,  
Айналайын, сал сері Сарыарқам-ай! – деген «Сарыарқа сазы» лирикалық толғауында аңсап, сағына жеткен Сарыарқасын тебірене толғайды.

Белгілі ақын Кәкімбек Салықовтың біршама өлең-жыры Сарыарқа даласына арналған. Қысы салқын қоштасу азабындай,  
Жазы дархан кездесу базарындай.  
Күзі мырза, мол егін, кең дастарқан,  
Ал көктемі... махаббат назарындай – деп «Сарыарқа дидары» өлеңінде әдемі теңеу, өрнекті жырмен Сарыарқа келбетін көз алдымызға әкеледі [7, 10].

Ал «Сарыарқа» өлеңінде ақын:  
Сарыарқа – сайын дала даңқың асқан,  
Аққу-қаз айдын көлде мауқын басқан.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай,  
Сайраңдап, сал-серілік салтын ашқан – деп жырлай отырып, Сарыарқа жерінің өткені мен бүгінін әдемі жарастықпен бейнелесе [7, 110],

Ақ орда құрған Абылай,  
Атына даңқы сай алқа.  
Абай, Шоқан, Ыбырай,  
Даналар елі Сарыарқа – деген келесі бір осы аттас жырынан ұлылар мекені болған Сарыарқаны танып-білеміз [7, 119].

Бұдан бөлек «Сағындым», «Сарыарқа самалы», «Киелі аймақ – Сарыарқа» т.б. өлеңдерінде К.Салықов кең байтақ Сарыарқа даласын, оның әрбір тау-тасын, жер-суын, тарихи тұлғаларын бар асқан сүйіспеншілікпен жырлайды.

Қазақ елі Тәуелсіздік алып, өз алдына дербес, азат елге айналған кейінгі айтулы оқиғаның ел астанасының Алматыдан Арқа төріндегі Ақмолаға (Астанаға) көшуі болды. Бүгінде әлемдегі ең жас астаналардың бірі саналатын елордасы Астана күн санап қарыштап даму үстінде. Астана – тәуелсіз Қазақстанның мақтанышы, ел мерейі. Арқа төсіндегі осынау жас та сұлу, өзіндік келбет-құрылысымен жаһанды тамсандырған ару қала Астанамызға ақындар жырдан шашу шашып, сазгерлер әсем әуендер арнауда. Ендігі жерде Сарыарқа десе, Астана қатар айтылып, егіз ұғымға айналып шыға келді. Осылайша қазақ әдебиетіндегі Сарыарқа образы қазақтың сайын даласында орнаған сұлу қалаға өткен секілді. Яғни, Сарыарқаның діңгегі – Астана. Астана келбеті–ұлт келбеті, себебі Астана тарихы–ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың азаттық үшін күресі еш кетпей, құтты-қуанышты күндерге жеткендігімізді көрсетеді. Еуразия жүрегіне, қазақ жерінің кіндігіне орналасқан Астана туралы жырлар Сарыарқа тақырыбын жырлаудың жанашылдық сипат алғанын көрсетеді.

Ақын Ш.Сариев:

Тәңір қосып Аспан-Жер кез болып ең,  
Тілдесіп Адамзатқа сөз қонып ең.  
Астана – Нүрекеңнің дастанындай,  
Әр жолын жазып жатқан өз қолымен  
Тәуелсіз бұзған елім тас қамалын,  
Ел-жұртым Сарыарқамда басқан адым.  
Төле би, Қазбек би, Әйтеке би,  
Төрінде үш би отыр АСТАНАНЫҢ! – деп тебіренеді [8, 69].

Ал тәуелсіз қазақ өміріндегі үлкенді-кішілі оқиғалардың назарынан сырт қалдырмай жүретін Маралтай Райымбекұлы тәуелсіз Қазақстанды, жаңа Астананы, тәжінен айырылған бұрынғы Астананың қайғысы мен қуанышын, Елорданы, Елбасын шалқар шабытпен жырлады.

Арқаның мынау төсін жайлаған,  
Бабаң да талай шешім байлаған.  
Қала салсам деп Қасым қалаған –  
Есілдің бойын... Есім ойлаған...  
Мақсатқа жеттік мәні кетпеген,  
Жүректі жарып дәні көктеген.  
Аманат болған Астанам менің,  
Керей хан менен Жәнібектерден [9].

Арқалы ақын К.Салықовтың «Сарыарқаны құттықтау», «Астана асыл тойы ашылғанда», «Мерейтойың құтты болсын, Астана», «Аққу қала – Астана», «Астана таңы», «Астана – Еуразияның ару қызы» т.б. тұтастай өлеңдер циклі елордасы Астанаға арналған. Ақын 1998 жылы ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілгеннен бастап, соңғы демі таусылғанша ел мақтаншы Астананы, оның әрбір мезгілін, сұлу сәулеті мен көрікті келбетін талмай жырға қосты.

Ай кабақ, жайма шуақ жүзі қандай,  
Ақ гүлдей сүйгің келер үзіп алмай.  
Астана – Азияның жас қаласы,  
Ажарын көрген адам қызығардай.  
Аңсатқан шырын, шәрбат бал-уызы,  
Тамсантқан таңғажайып дәру жүзі.  
Бой жазған Сарыарқаның самалында,  
Астана – Азияның ару қызы [7, 122].

Өз өлеңдерінде тәуелсіздік жылдарындағы қазақ елінің жүріп өткен жолы мен жеткен жетістігін жырға қосқан ақын Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» дастанында:

Сарыарқа - сан ғасырдан қалған мұра,  
Риза бақытына жанған мына.  
Күтіп тұр салтанатты көштің алдын,  
Қолында Ақмоланың ақ домбыра.  
Арда едің, асау едің Арқа, неткен,  
Төсінде небір бағлан, дархан өткен.  
Ақмола осы еді ғой Кенесары  
Бөрінің бекінісін талқан еткен – деп Сарыарқаның өткен-кеткен тарихын толғай отырып;  
Сарыарқа – сайын дала, жер кіндігі,  
Баянды Байтағымен елдің күні.  
Қазағым көш көлікті болсын енді,

Көтерген жолда қалмас Нардың жүгі!...- деп ел жүрегі, елордасы Астанаға мекен болған бүгінгі Сарыарқаны жырмен өрнектейді [10, 257].

Серік Тұрғынбекұлының «Астана – дастан», «Торғай жаққа барсам мен», «Торғайдың атырабында...», «Сағым далаға...» т.б. өлеңдерінің өне бойында Сарыарқа даласы мен ел астанасы егіз ұғымдай астасып, ақын поэзиясында көрініс табады [11].

Сарыарқа тақырыбы, Сарыарқа даласы, Сарыарқа төсіндегі Астана қаласы жоғарыда аталған ақындар шығармашылығынан бөлек Ф.Оңғарсынова, А.Бөкен, Ғ.Ештанаев, Р.Ниязбек, Ү.Есдәулет, Ж.Наурызбай т.б. қазақ ақындарының өлең-жырларында ақындық шеберлікпен, түрлі сипатта көрініс тауып, жаңаша жырланады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Стамбеков Д. Жұмағым мен тамұғым. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 304 б.
2. Ахметова К. Өлеңдер. //https://adebiportal.kz.
3. Медетбек Т. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3 – Алматы: Мереке, 2015. – 364 б.
4. Жайлыбай Ғ. Бір тал үкі. – Астана: Фолиант, 2014. – 384 б.
5. Қашқынов Ж. Тағзым. – Астана: Профи Медиа, 2012. – 224 б.
6. Сомжүрек Ж. Сарыарқа сазы. – Астана: Сарыарқа, 2014. – 560 б.
7. Салықов К. Шығармалары. Сарыарқа – елдің мерейі. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 б.
8. Сариев Ш. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Елорда, 2006. – 344 б.
9. Райымбекұлы М. Тарпаң. - Алматы: Хантәңірі, 2014. - 285 б.
10. Айтұлы Н. Шығармалары. 7-томдық. Т.2. – Астана: Фолиант, 2014. – 336 б.
11. Тұрғынбекұлы С. Жерорта. – Алматы: Жалын, 1998. – 355 б.